

Облыс аумағындағы жекеленген ауылдарды тарату туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 13 маусымдағы N 126 "а" қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 13 маусымдағы N 10-65 шешімі. Алматы облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 18 шілдеде N 2013 тіркелген

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабы 3 тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Жекелеген аудандардың төменде аталған ауылдары таратылып, тұрғындары сол селолық округке ең жуық елді мекендерді құрамына енгізілсін:

1) Алакөл ауданы бойынша:

Қамысқала селолық округінің Ұялы ауылы, тұрғындары Қамысқала ауылының құрамына .

2) Балқаш ауданы бойынша:

Жиделі селолық округінің Айнакөл ауылы, тұрғындары Жиделі ауылының құрамына ;

Миялы селолық округінің Құланбасы ауылы, тұрғындары Миялы ауылының құрамына .

3) Сарқан ауданы бойынша:

Аманбөктер селолық округінің Үштөбе ауылы, тұрғындары Аманбөктер ауылының құрамына .

4) Талғар ауданы бойынша:

Бесқайнар селолық округінің Алматау ауылы, тұрғындары Бесқайнар ауылының құрамына ;

Бесағаш селолық округінің Алмалы ауылы, тұрғындары Бесағаш ауылының құрамына енгізілсін .

2. Облыстық статистика басқармасы (Б.Төлепбаев) облыстың әкімшілік - аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізісін.

3. Шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Г. Баталовқа жүктелсін .

4. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А л м а т ы о б л ы с ы н ы ң

әкімі

С. Үмбетов

А л м а т ы о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы
сессиясының төрағасы К. Нүсіпов
А л м а т ы о б л ы с т ы қ
мәслихатының хатшысы А. Сыдық

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК